

**6D011400 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін  
Мамбетов Бекзат Махмұтұлының «Отандық тарихи тұлғатану бағыты (академик С.Б. Бәйшевтің өмірбаяны  
мысалында)» тақырыбында дайындаған диссертациясына  
Рецензия**

<b>№</b>	<b>Критерийлер</b>	<b>Критерийлер сәйкестігі</b>	<b>Ресми рецензенттің ұстанымы</b>
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыс тақырыбы отандық тарих ғылымының дамуына бағдар болған 1995 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастырудың тұжырымдамасына» сай келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытының 4 бөлімі 2 бағытына (Қолданбалы зерттеулер) сәйкес келеді.

		сәйкес (бағытын көрсету)	
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық зерттеу жұмысының отандық тарих ғылымының тұлғатану бағытына елеулі үлес қосады. Биографиялық тәсілді қолданып, отандық тұлғатанудың бағыттарын жіктеген және талдаған. Сол арқылы С.Б.Бәйішевті ғылыми тұлғаландыра алған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмысты жазу деңгейін жоғары деп бағалаймын.Ғылыми жетекшісі және кеңесшілерімен бірлікте жарық көрген жарияланымдары болғанымен диссертацияда диссертанттың өз қолтаңбасы анық танылады.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.  4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның өзектілігі жеткілікті негізделген. Отан тарихындағы тарихи тұлғатанудың методологиялық тұрғыдан ұстанымдары туралы жасаған тұжырымдары тарихи тұлғалар туралы көзқарастарды жаңалайды.  Диссертация мазмұны диссертацияна толығымен сай келеді.Мазмұндық, қисындық және хронологиялық тұрғыда біртұтастықта құрылған.

		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>сәйкес келеді;</b></li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толық байланысқан;</b></li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>сыни талдау бар;</b></li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Диссертацияда белгіленген мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сай келеді және тақырыпты толық ашады.</p> <p>Диссертация құрылымында мазмұндық және қисындық байланыс сақталған. Әр тарау мен тараушалар тақырыптарының бірізділігі жұмыстың тұтастығына негіз болған.</p> <p>Автор тарихи тұлғатану бағыттарын методологиялық ұстанымдарына сай талдаған және олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін жіктеген. Дәстүрлі тұжырымдарға сыни талдаулар жасалған. Отандық тарихи тұлғатану мектептері өкілдерінің (М.Қозыбаев, М.Асылбеков, К.Нұрпейіс, Б.Қойшыбаев және т.б.) ұстанымдары мен көзқарастарына салыстырмалы талдау жасалған.</p>
--	--	--	--



5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толығымен жаңа;</b></li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толығымен жаңа;</b></li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толығымен жаңа;</b></li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Зерттеудің қол жеткен нәтижелері мен жасаған қорытындылары толығымен жаңа.</p> <p>1. Тарихи тұлғатануды методологиялық тұрғыда жаңалаған. 2. С.Б.Бәйішевтің өмірбаяны мен ғылыми-кешіғармашылық қызметін ғылыми тұлғаландырған.3. Тарихи тұлғатануды жоғары оқу орындарында оқытуға арналған таңдау пәнінің оқу-әдістемелік кешенін дайындаған.</p> <p>Диссертациялық зерттеудің нәтижесінде жасалған қорытындылары толығымен жаңа. Тың архивтік деректерді талдап, айналымға ұсынуы, қазіргізаманғы методологиялық тәсілдерді қолдану арқылы жасаған қорытындылары, оқыту мазмұны мен әдістерін жаңалауға байланысты нәтижелері жаңа болып саналады.</p> <p>Диссертацияның оқу технологиясына және оқу процесін басқарудағы қолданған тәсілдері мен ұыныстары жаңа ғылыми негізделген.</p>
---	----------------------------	--	--

6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары гуманитарлық бағыт бойынша сапалы зерттеулермен негізделген. Архивтік деректер мен естеліктердің мәліметтерімен дәйектелген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағида	<p>Әр қағида бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағида дәлелденді ме?</p> <p>1) <b>дәлелденді</b>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <b>ия</b>;</p> <p>2) <b>жоқ</b></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <b>ия</b>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <b>кең</b></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <b>ия</b>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертант қорғауға бес түрлі қағидалы тұжырым ұсынған.</p> <p>7.1. ұсынған қағида тар толығымен дәлелденген.</p> <p>7.2. Жұмыста келтірілген қағида тар тривиалды емес.</p> <p>7.3. Қорғауға ұсынған қағида тары жаңа болып саналады.</p> <p>7.4 Қағида тарды қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5. Тақырып бойынша ұсынған қағида тары ғылыми негізделіп, ҚР БҒСҚК ұсынған 5 басылымда, SCOPUS мәліметтер базасындағы 1 мақала, халықаралық және республикалық конференцияларда 3 мақаланың мазмұнында көрініс тапқан.</p>

8	Дәйектілік принципі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертациялық жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Зерттеудің методологиялық базасы дұрыс таңдалған. Жалпығылыми әдістермен қатар биографиялық тәсілдің мүмкіндіктерін сәтті қолдануы жұмыс мазмұнына нақтылық берген және міндеттерді іске асыруға қол жеткізген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың педагогикалық зерттеулерінің нәтижелері компьютерлік технологияларды қолданып, өңделген, жасанды интеллект технологиясы қолданылмаған.</p> <p>Теориялық тұжырымдары мен методикалық ұсыныстары іргелі ғылыми еңбектердің тұжырымдарына негізделген және оларға сілтеме жасалған. Ғылыми этика талаптары сақталған.</p> <p>Диссертацияда пайдаланған әдебиеттер тізімі тарихнамалық, деректік талдауға жеткілікті.</p>
---	---------------------	--	---



9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толығымен жаңа;</b></li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Диссертацияның тарихи тұлғатану бағытын методологиялық тұрғыда жаңалайтын теориялық маңызы бар. Сол сияқты тұлғатану мектептерін алғаш рет жіктегені де теориялық мәнге ие болады.</p> <p>Диссертацияның практикалық маңызы бар. Нәтижелер тұлғатанулық зерттеулердің әдістері мен ұстанымдарын жаңалайды, зерттеулерде қолданылады, таңдау пәні тарихи сана қалыптастырудың мазмұнын толықтырады, білім контентін жаңалайды.</p> <p>Диссертация нәтижесінде жасаған ұсыныстары жаңа және олардың практикалық мәні жоғары.</p>	Диссертацияның тарихи тұлғатану бағытын методологиялық тұрғыда жаңалайтын теориялық маңызы бар. Сол сияқты тұлғатану мектептерін алғаш рет жіктегені де теориялық мәнге ие болады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>жоғары;</b></li> <li>2) орташа;</li> <li>3) орташадан төмен;</li> <li>4) төмен.</li> </ol>	Диссертацияның академиялық жазу жоғары деп бағаланады. Диссертацияның ғылыми стилі қалыптасқандығы анық байқалады.	Диссертацияның академиялық жазу жоғары деп бағаланады. Диссертацияның ғылыми стилі қалыптасқандығы анық байқалады.

Докторант Мамбетов Бекзат Махмұтұлының «Отандық тарихи тұлғатану бағыты (академик С.Б. Бәйішевтің өмірбаяны мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындаған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру қағидаларының» 2- тарауында көрсетілген диссертациялық талаптарға толығымен сәйкес келеді деп бағалап, Мамбетов Бекзат Махмұтұлына «6D011400-Тарих», философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге лайық деп бағалаймын.

**Ресми рецензент:**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Тарих кафедрасының  
профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты**



**Қозғамбаева Г.Б.**

*Handwritten signature*